

Сапа саласындағы саясат

1. «Тау-Кен Алтын» ЖШС негізгі қызметі құрамында алтыны бар минералды және қайталама шикізатты, сондай-ақ аффипирленген алтын мен күмісті алу үшін техногендік минералды түзілімдерді өңдеу және аффинаждау болып табылады.

2. «Тау-Кен Алтын» ЖШС-нің негізгі стратегиялық мақсаты сапасы бойынша ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін, сондай-ақ тұтынушылардың талаптарына жауап беретін, қоршаған ортаға әсерін барынша азайтып, қауіпсіз еңбек жағдайларын жақсартуды қамтамасыз ететін тазартылған алтын мен күмісті шығару және сату болып табылады.

3. Стратегиялық мақсатқа келесі міндеттерді шешу арқылы қол жеткізіледі:

1) қызмет процесінде қызметкерлердің, сондай-ақ келушілердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және жазатайым оқиғаларды, инциденттер мен аварияларды болдырмайтын қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету;

2) қажетті дағдылары мен құзыреттері бар білікті персоналды іріктеу және жалдау, сондай-ақ қызметкерлердің біліктілігін тұрақты арттыру;

3) жабдықтардың, техникалық, технологиялық және еңбек процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ғылым мен техниканың жаңа жетістіктері негізінде өндірісті, оның ішінде бизнес-процестерді автоматтандыру саласындағы экономикалық негізделген технологиялық қайта жаратандыру;

4) өндірістің барлық кезеңдерінің өзіндік құнын төмендету;

5) өзара тиімді ынтымақтастық негізінде тапсырыс берушілермен және өнім берушілермен тұрақты әріптестік қатынастар құру.

4. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін басшылық мынадай міндеттемелер қабылдайды:

1) нарықтың өзгеріп отыратын бекершілігіне уақтылы және сапалы жауап бере алатын жоғары өнімді, ұйымшыл ұжым құру;

2) кәсіпорынның өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде өндіріс құралдарын, технологияны және жұмыстарды ұйымдастыруды жетілдіру;

3) ақау қабылдамау, ақау жасамау, ақау тапсырмау деген қағидатты енгізу;

4) персоналдың, шикізат жеткізушілердің және шығарылатын өнімді тұтынушылардың қанағаттанушылығын жүйелі түрде талдау;

5) әрбір қызметкерді сапаны тұрақты жақсарту және біліктілікті арттыру процесіне, оның ішінде менеджменттің интеграцияланған жүйесі саласында тартуға ықпал ететін қолайлы әлеуметтік және өндірістік орта құру;

2) қолданылатын талаптарға сай болуға және сапа менеджменті жүйесін үнемі жетілдіру;

3) кәсіпорын қызметкерлерінің жауапкершілігін теңгерімді бөлу және регламенттеу негізінде өкілеттіктерді беруді қолдану.

5. Сапа саласындағы саясатты іске асыру үшін «Тау-Кен Алтын» ЖШС мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Сапа — әрбір жұмыс орнында салынады.

2) Сапа — проблемаларды түзету емес, олардың алдын алу арқылы қол жеткізіледі;

3) Сапа — «жоспарла-жаса-талда-жақсарт» кезеңдерінен тұратын процесс;

4) Сапаны — тұтынушы (тапсырыс беруші) анықтайды және бағалайды.

6. «Тау-Кен Алтын» ЖШС басшылығы барлық деңгейдегі басшыларды өз қарамағындағылар үшін жетілдіру жөніндегі қызметте үлгі болуға, тұтастай алғанда ұжым мен әрбір қызметкер жұмысының аса маңызды көрсеткіші ретінде сапаға жалпы жауапты қатынасты дамытуға ұмтылуға шақырады.

7. Басшылық белгіленген саясатты қатаң сақтауға ниетті, оны жүзеге асыруға жауапты және қызметкерлерді оны қолдауға шақырады.

Директор



А. Тлеулин